Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілген жұмыс

ХАТТАМА №1

Баланың аты-жөні: Курамысова Адина

Жасы: 5жас

Тобы: «Қызғалдақ» ортаңғы тобы

Күні: 07.09.2026

Жұмыс түрі: жеке түзету-дамыту сабағы

Тақырыбы: «Менің балабақшам»

Мақсаты: Баланың балабақша ортасына бейімделуіне жағдай жасау, педагогпен жағымды эмоционалдық байланыс орнату.

Жұмыс барысы: Адинамен амандасу, есімін атау, көзбен байланыс орнату жұмыстары жүргізілді. Балабақшадағы бөлмелер мен ойыншықтар бейнеленген суреттер көрсетілді. «Көрсет», «Ал», «Бер» сияқты қарапайым нұсқаулар берілді.

Баланың әрекеті: Адина педагогпен байланыс орнатуға талпынды, ойыншықтарға қызығушылық танытты. Қарапайым тапсырмаларды педагогтің көмегімен орындады.

Нәтижесі: Адинаның сабаққа қатысу белсенділігі байқалды.

Ұсыныс: Бейімделу жұмыстарын жалғастыру, қысқа әрі түсінікті нұсқаулар қолдану.

Педагог-психолог: _____

Сканировано с CamScanner

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілген жұмыс

ХАТТАМА №2

Баланың аты-жөні: Курамысова Адина

Жасы: 5жас


Тобы: «Қызғалдақ» ортаңғы тобы

Күні: 18.09.2026

Тақырыбы: «Көңіл күйімді көрсетемін»

Мақсаты: Баланың негізгі эмоцияларды тануына және көрсетуіне жағдай жасау.

Жұмыс барысы: Қуанышты және көңілсіз адамның суреттері көрсетілді. «Қуанышты көрсет», «Көңілді көрсет» тапсырмалары берілді. Айна арқылы баланың бет қимылдарына назар аударылды.



Баланың әрекеті: Суреттерге назар аударды, педагогтің көмегімен қуанышты адамның суретін таңдады. Айнадағы өз бейнесіне қызығушылық танытты.

Нәтижесі: Қарапайым эмоцияларды ажыратуға алғашқы әрекеті байқалды.

Ұсыныс: Эмоцияларды сурет және ойын арқылы бекіту.

Педагог-психолог: _____

Сканировано с CamScanner

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілген жұмыс

ХАТТАМА №2

Баланың аты-жөні: Курамысова Адина

Жасы: 5жас

Тобы: «Қызғалдақ» ортаңғы тобы


Күні: 22.09.2026

Тақырыбы: «Тап және көрсет»

Мақсаты: Зейінді шоғырландыру және қарапайым нұсқауды орындау дағдысын дамыту.

Жұмыс барысы: Адинаның алдына бірнеше ойыншық қойылды. Педагог белгілі бір ойыншықты атады және оны көрсетуді сұрады. Тапсырмалар бірнеше рет қайталанды.

Баланың әрекеті: Таныс ойыншықтарға қызығушылық танытты. Кейбір заттарды өздігінен көрсетті, күрделірек тапсырмаларды көмек арқылы орындады.



Нәтижесі: Зейінін қысқа уақытқа шоғырландыра алды.

Ұсыныс: Біртіндеп тапсырмалардың санын көбейту.

Педагог-психолог: _____

Сканировано с CamScanner